e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 09.07.2026
Сақтау күні 14.07.2026
Дата редакции 09.07.2026
Дата скачивания 14.07.2026

Байғанин ауданының әкімі | Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2026 жылғы 9 шілдедегі № 3 шешімі | Аким Байганинского района

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің м.а. 2023 жылғы 10 мамырдағы № 240 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» бұйрығына сәйкес және 2026 жылғы 9 шілдедегі Байғанин аудандық төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс шұғыл отырысының № 4 хаттамасы негізінде, Байғанин ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қауіпті метеорологиялық құбылыстың (қатты жел) салдарынан тіршілікті қамтамасыз ету нысандарының бүлінуіне және халықтың өміріне қауіп төнуіне байланысты Ақтөбе облысы Байғанин ауданы аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Раушанов Рүстем Аманжолұлы тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 9 шілдеден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Байғанин ауданының әкімі **А. Купенов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды